

3-МОДУЛЬ. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. 8 тақырып Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштер.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Қазақстанның ежелгі көшпенділері (сақтар, аримаспылар, аргипейлер, савроматтар) Археологтар темір деп атаған дәуірде Қазақстан аумағында және оған шекаралас елдерде сақ тайпалары туралы мағлұмат беру.

3. Лекция мазмұны: Өзіндік орын алатын қола дәуірін ауыстырып, үлкен де күрделі өзгерістер әкелген кезең б.з.д. I мыңжылдықтың басы мен біздің заманымыздың басы болып табылады. Бұл кезең Қазақстан аумағын мекендеген адамдардың өз өндірісінде темірді пайдалануы және көшпелі шаруашылықтың дамуымен ерекшеленеді. Б.з.д. I мыңжылдықта Солтүстік Үндістан, Ауғанстан, Орта Азия және Қазақстанның оңтүстік өңірін қамтитын кең-байтақ аумақта «сақ» деген атпен белгілі тайпалар мекендеген. Геродот (б.з.д. V ғ.) және басқа ертедегі тарихшылар оларды “азиялық скифтер” деп атаған. Сақ бірлестігі туралы мәліметтер кездесетін негізгі жазба деректер екі топтан тұрады: 1) антик дәуірінің авторлары (гректер) — Геродот, Страбон, Ксенофонт, Птоломей және т.б.; 2) Ахеменидтер әулетінен (көне парсы) қалған сына жазулар (Бехистун сына жазуы, т.б.). Парсы жазбалары «сақ» атауын қолданса, грек деректері бұл тайпаларды «Азия скифтері» деп атайды. Сақ тайпалары Солтүстік Қара теңіз жағалауын, Днепр өзені бойын мекендеген скифтердің және төменгі Еділ өзенінің төменгі ағысы мен Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтардың, Кир мен I Дарий тұсындағы парсылардың және Александр Македонский дәуіріндегі гректердің замандастары болған. Олар ежелгі парсылармен тығыз қарым-қатынас орнатып, б.з.д. VI—V ғасырларда Ахеменидтер империясының құрамына да кірген. Ахеменидтердің сына жазбаларында сақтар туралы аз болса да анық деректер келтірілген.

Археологиялық ескерткіштері. Бұлар қорымдар, жартастағы суреттер, сақ бұйымдарының көмбелері.

Орталық Қазақстан. Бұл жерден Тасмола мәдениеті (б.з.д. 7-3 ғғ.) ашылды. Зерттеуді археологтар Ә.Марғұлан, М.Қадырбаев жүргізді. Бұл обалардың ерекшелігі - оларда тас жалы, "мұрты" болады. Бірнеше варианттардан тұрады. Негізгі обаға жанаса немесе оның шығыс бетінде, иек астында кіші оба тұрады, одан шығысқа қарай доғаша иіліп, ені 1,5-2 м, ал ұзындығы 2-200 м дейін кейде одан ұзыныда болады, екі жал кетеді. Үлкен обаға үйілген төбе астында жерден қазылған қабырда өлген кісінің мәйіті

жатады, ал кіші қорғанда үйінді астындағы қабырға ат пен ағаш ыдыс-аяқтар қойылады.

Батыс және солтүстік Қазақстан. Еділ мен Жайық арасындағы аймақтан қорымдардың көп шоғырланған жері - Үлкен және Кіші өзеннің бойлары, Қамыс-Самар көлдерінің өңірлері, Елек, Шаған, Ембі жағалаулары. Обалардың көбінде үйінділері бар, ал олардың аса үлкендері орлармен қоршалған. Тас үйінділері немесе топырақ пен уақ тастар араластырылған үйінділері бар обалар сирек кездеседі. Қабырлар шығыстан батысқа қарай ыңғайлай қазылады, ал өлгендер молаларда емес, обалар үйінділері астындағы арнайы дайындалған алаңдарға қойылады.

Шығыс Қазақстан. Алтай аясынан, Шыңғыстау мен Тарбағатай бөктерлерінен кездеседі. Үлкен патша обалары бар. Ол Шілікті алқабында шоғырланған. Бұл өңірдің мәдениеті үш кезеңнен тұрады. Мәйемір кезеңі (б.з.д. 7-6 ғғ), берел кезеңі (б.з.д. 5-4 ғғ.), құлажүргін кезеңі (б.з.д. 3-1 ғғ.). Мәйемір кезеңінің соңында салт кісіні атымен бірге қоятын қабырлар пайда болады.

Жетісу мен оңтүстік Қазақстан. Бұл сақ тайпалары мекендеген аса көлемді аймақ: тиграхаудтар - Жетісуда, ал массагеттер Арал өңірі мен Сыр бойында. Іле алқабында Бесшатыр, Есік, Түрген, Кеген, Алексеев обалары осы алқаптан табылды. Жетісудағы сақ мәдениеті екі кезенді: ерте кезеңі (б.з.д. 8-6 ғғ) және кейінгі кезең (б.з.д. 5-3 ғғ.). Соңғы кезеңдегі патша обасына Бесшатыр қорымы мен Есік обасы жатады. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағалауындағы Шылбыр деген жерде, ол 31 обадан тұрады. Қорымның барша обалары екі топқа бөлінеді, үлкен обалар - диаметрі 45 м-105 м-ге дейін. Биіктігі 6-18 м. Салынған уақыты б.з.д. 5 ғ.

Есік обасы Алматының шығысында 50 км жерде. 1969-1970 жж. зерттелінді. Іле Алатауы баурайында. Обаның диаметрі 60, биіктігі 6 м. Топырақ үйіндісінің астында екі қабыр - орталықтағы және бүйірдегісі бар. Орталық қабыр тоналған. Бүйірдегісі аман жетті. Жерленген 18 жасар ханзада. Ол киіндіріліп, қару-жарақ таққан күйінде жерленген. Ыдыс-аяқтар, бүйіріне 26 таңбадан тұратын екі жол сөз жазылған күміс тостаған жатыр. Өліктің басына биік былғары қалпақ-дулыға кигізілген, оның сыртына алтын бұтақтарына құстар қонған, сирек ағашты тау бейнеленген. Дулығаның төбесіне тәж ретінде титімдей арқар бейнесін қойған. Марқұмның мойнына ұшы барыс бастарымен безендірілген алтын өңіржиек салынған, құлағына бирюзадан салпыншағы бар сырға тағылыпты. Екі саусағында алтын жүзіктері бар. Белбеуінің оң жағына қызыл түсті ағаш қынапты, ұзын сессер ілініпті. Семсер темірден, оралмалы-орам бедері бар сабы имектев. Сол жағына ақинақ-қанжар ілінген. Есік обасының салынған кезі б.з.д. 6 ғ. деп есептеледі. Оны зерттеген археолог К.Ақышев (Курган Иссык. М., 1973г).

1. Ерте темір дәуіріндегі Жетісу аймағы. Жетісу сақ қорғандарының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі – Есік қорғаны. Есік қорғаны б.з.б. V- IV ғасырда салынған. Ол Алматы қаласының шығысында 50 шақырым жерде, Іле Алатауының баурайында орналасқан. Қорған 40-тан астам обадан тұрады. Есік қорғанына археологиялық қазба жұмыстары 1969-1970 жылдары жүргізілді. Оның диаметрі 60 метр, биіктігі 6 метр. 1970 жылы археолог Кемал Ақышев Есік қорғанындағы қабірден 17-18 жас шамасындағы шошақ бөрікті сақ ханзадасының мүрдесін ашты. Бұл адам тарихқа «Алтын адам» деген атпен енді. Ханзаданың бас киімінде 150 түрлі жануарлар мен құстардың бейнесі өрнектелген. Бас киімде бейнеленген қанатты аттар – күн қозғалысын білдіреді. Қабірдің ішінен 4000-нан астам заттар табылған. Ол заттардың ішіндегі ең ерекшесі – 26 таңбадан тұратын жазуы бар күміс тостаған және «андық стильде» өрнектелген ағаш қынды қанжар – ақинақ. Күміс тостағандағы жазуды көне түркі тілінде оңнан солға қарай оқыған белгілі түрколог – ғалым Алтай Аманжолов болды. Тостағандағы жазуды қазақшалай оқығанда: «Аға, саған (бұл) ошақ ! Бөтен, (жат ел адамы) тізенді бүк ! Халықтың қарны тоқ болғай ! » деп жазылған.

Бесшатыр қорымы. Б.з.б. V- IV ғасырға жататын Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағалауындағы Желшалғыр тауының етегінде, Шылбыр қойнауында орналасқан. Бұл қорым үлкен, орташа және шағын 31 обадан тұрады. Бесшатыр обалары қиыршық тас және топырақ үйінділерімен жабылған. Обалар солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 шақырым ал шығыстан батысқа қарай 1 шақырым аймақты алып жатыр. Олардың ішіндегі ең ірісі - Үлкен Бесшатыр обасы. Оның диаметрі - 104 метр, биіктігі - 17 метр. Бұл қорғандар - «патша қорғандар» деп аталады. Өйткені бұл обаларда патша сияқты ең беделді, ең даңқты адамдар жерленген. Обаны үйер алдында оның жер бетіндегі шеңберлі табанына жағалай тығыз етіп, жалпақ тастардан бірнеше қабат тас төселген. Үйіндінің айналасынан 5-7 метр қашықтықтан тас дуал өтеді. Тас дуалдың манайына ірі тас бағандар (менгирлер) орнатылған және үлкен қойтастардан қоршау түрінде дөңгелек құрылыстар салынған. Тік тұрған кейбір тас бағандарға қазақ ру-тайпаларының таңбалары қашалып салынған. Бесшатырда 3 үлкен оба бар. Олар Бірінші, Үшінші және Алтыншы Бесшатыр обалары. Бесшатыр обаларынан семсер – ақинақтар, қола ұшты жебелер, темір пышақтар, шаш түйрегіштер, ақық моншақтар табылды. Бесшатыр қорымының тянь-шань қарағайлары бөренелерінен тұрғызылған ірі жерлеу құрылыстары тамаша сақталған күйінде табылды. Олар Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жер бетіне ағаштан салынған ең ежелгі сәулет өнерінің бірегей ескерткіштері болып табылмақ.

2. Ерте темір дәуіріндегі Шығыс Қазақстан. Шығыс Қазақстанның далалық аймақтарында, қазіргі Зайсан ауданының жерінде алып патша қорғандары кездеседі.

Оның ең көп шоғырланған жерін Шілікті ескерткіштері деп атайды. Шілікті обасы б.з.б. VII-VI ғасырға жатқызылады. Шілікті қорымында барлығы 51 оба бар. Бұл қорғандар алып немесе орташа қорғандар. Алып қорғандардың диаметрі 100 метр, ал биіктігі 8-10 метрге жетеді. Мұндай обаның саны -13. Аталған қорғандар ерте заманда-ақ тоналып кеткен. Бірақ кейбіреуінде зергерлік өнердің өте бағалы заттары сақталған. Соның бірі 1960 жылы қазылған «Алтын қорған» деген атау алған оба. Қабір ішінен бүркіт, қабылан мүсіндері, қабан, балық, бейнелері, қанаттары жаюлы құс түріндегі алтын қаптырма және басқа зергерлік әшекейлер табылды. Алтын бедерлі мүсіндер ғажайып шеберлікпен, көркем жасалған. Қабірдің алдында шұңқыр қазылған. Шұңқырдың орта шенінен шығыстан батысқа қарай бағытталған дәліз жасалған. Балқарағай бөренелерінен қабір үйін салған. Бұл қабірге екі адам жерленген. Оның бірі 40-50 жас шамасындағы ер адам да екіншісі 50-60 жастағы әйел. Сондай-ақ, қабірден 13 қола жебе мен қорамсақ табылды.

Берел қорымдары. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің б.з.б. V- IV ғасыр аралығын қамтитын кезеңін Берел кезеңі деп атаймыз. Берел кезеңі деп аталуы Қатонқарағай ауданындағы Берел қорымына байланысты қойылған. Бұл қорымнан 40-тан астам обалар табылған. Ішіндегі ең үлкенінің биіктігі 9 метр, диаметрі 20 метр болған. Қазіргі кезде обаның тас үйінділері құлап, аласарып қалған. Негізінде, бұл обаға жерленген адам жер бетінен 6-7 метр тереңдікте жатыр. Қабір іші қарағаймен қаланып, мәйіт астау-саркофагқа салынған. Қабір жанынан 16 аттың қаңқасы шықты. Аттар белгілі тәртіппен әр қатарда 4 аттан 4 қатар болып орналастырылған. Обаға аттармен қоса ер-тұрман да қоса көмілген. Ат әбзелдері алтынмен қапталған. Берел мәдениетінің ерекшелігі - жайпақ түпті қыш ыдыстардың көптеп таралуы. Ыдыс жасаудың екі түрі бар. Оның бірі - мойны қусырылып, кейде тік болып келетін құмыралар, ал екіншісі - жатаған, жайпақ көзелер. Берел кезеңінің соңында қола заттар азайып, темірден жасалған заттар көбейген. 1998-1999 жылдары археолог Зейнолла Самашевтің жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде № 11-оба толық ашылып, онда астау табытқа жерленген 45 жастағы ер адам мен одан егделеу әйелдің мәйіті табылды. Ғалымдар радиологиялық әдіспен мәйіттердің б.з.б. III ғасырда жерленгенін анықтады. Мәйіттер айрықша сән-салтанатпен киіндіріліп қойылған. Қаңқа сүйектің әр жерінде киім-кешектің шірінді қалдықтары сақталған. Мәйіт киімі інжу-моншақтар мен алтын жапырақшалар қадалып, әшекейленген. Осымен бірге Берел қорымындағы қабірден адаммен бірге құрбандыққа шалынған 13 жирен жылқының қаңқасы табылды.

3. Ерте темір дәуіріндегі Орталық Қазақстан. Сарыарқаның ерте темір дәуірі ескерткіштері Тасмола мәдениеті деген атпен белгілі. Бұл мәдениетті исседон

тайпалары қалдырғын. Тасмола мәдениетінің алғашқы ескерткіштері Павлодар облысының Екібастұз ауданындағы Тасмола өңірінен табылды. Орталық Қазақстандағы сақ ескерткіштері негізінен обалы қорымдар түрінде сақталған. Орталық Қазақстанның осы дәуіріне тән ескерткіштерге «мұртты» обалар жатады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, «мұртты қорғандар» бағдаршам рөлін атқарған. Шынында, «мұртты қорғандар» белгілі бір бұрышпен салынған да, оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс бағытты көрсетеді. Мұртты обалардың аузы күншығысқа қаратылған. Бұл сол кездегі күнге табынудың белгісі. «Мұртты» обалардың 4 түрі кездеседі. Бірінші түрі - үлкендеу қорғанның шығыс жағынан салынған кішілеу қорған обалар. Кіші қорғанның шығыс жағынан «мұрт» сияқты тас тізбек кетеді. Екінші түрі – екі қорған оңтүстіктен солтүстікке қарай қатар салынады және екі қорғанның оңтүстік және солтүстік шегінен шығысқа қарай мұрт (доға) сияқты тас құрылыс жүргізіледі. Үшінші түрінде, алдымен бір үлкендеу қорған салынады, соның үстінен тағы бір кіші қорған тұрғызылады. Үлкен қорғанның шығыс жағынан тас «мұрт» жасалады. Төртінші түрі үшіншіге ұқсас, яғни бірінің үстінен бірі салынған екі қорғаннан тұрады. Бұл обалардағы астыңғы қорған мен үстіңгі қорғанның ара жігін қазба барысында ғана анықтауға болады. Обалардың біреуіне адамды, ал екіншісіне мініс атын жерлеген. Өлген адамның аруағына арналып жылқы шалып, оны бірге көмген екен. Қазақта өлген адамға арналып сойылған жылқының басы оның қабірінің үстіне қойылған. Бұл әдет шығыс аймақтарындағы қазақтарда күні бүгінге дейін сақталған.

4. Ерте темір дәуіріндегі Оңтүстік Қазақстан. Оңтүстік Қазақстандағы сақ тайпаларының ең көне ескерткіштері Түгіскен мен Ұйғарақ қорымдары. Олар Арал теңізінің шығыс жағында орналасқан. Бұл ескерткіштердің салыну мерзімі б.з.б. VIII-V ғасырға жатады. Обаларды қазу барысында сыртын жылтыратқан ұзын мойынды қыш ыдыстар, үш қырлы жебе, ат ауыздықтары, ер-тұрман әбзелдері көптеп табылды. Сонымен қатар, обалардан табылған заттардың ішінде аң бейнесінде жасалған металл бұйымдар жиі кездеседі. Оның ішінде арыстан бейнесі көп табылған. Ғалымдардың болжауынша Түгіскен, Ұйғарақ ескерткіштерін массагет тайпалары қалдырған. Арал өңірінде кездесетін сақ тайпалары ескерткіштеріне жататын Шірік-рабад, Бәбіш-молда, Баланды және т.б. ескерткіштер «су жағасын мекендеген сақтар» - апасиактардан қалған. Шірік-рабад қаласы апасиактардың астанасы болған. Сонымен қатар темір дәуірінің құнды ескерткіштеріне жататын Маңғыстау жеріндегі Дықылтас және Үстірт аймағындағы Бәйте, Қарамөңке, Терең қорымдарынан б.з.-дағы IV ғасырға жататын жерлеу ғибадатханалары табылды. Дықылтастағы 3 қабірден 30 шақты адамның сүйегі шыққан.

Ерте темір дәуірінің қоныстары Бөркі, Кеңөткел, Қарлыға. Ерте темір дәуірінің Солтүстік қазақстан жеріндегі зерттелген обасы Покровка. Ерте темір дәуіріне жататын Ақтау бекініс қалашығы Есілдің оң жағынан табылды.

Орталық Қазақстандағы ерте темір дәуірінің ескерткіштері « Мұртты қорғандар» деп аталады. Бұл обалар Орталық Қазақстанда көп тараған. Ерте темір дәуірінде ақсүйек адамдардың асына тұрғызылған «Мұртты обалар» екі жерлеу орнынан тұратын сақ обалары. « Мұртты қорғандардың» шығысқа қарай бағытталуының себебі олардың күнге табынғандығын білдіреді. « Мұртты қорғандардың» көрсететін бағыты оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс. « Мұртты қорғандар» 4-ке бөлінеді. « Мұртты қорғандарды» ашқан археолог Мир Қадырбаев.

Сарыарқаның ерте темір дәуіріндегі ескерткіші Тасмола мәдениеті. Табылған ауданы Екібастұз. Тасмола мәдениетін исседон тайпалары қалдырған.

Шығыс Қазақстандағы ерте темір дәуірінің б.з.б. V-IV ғ.ғ. қамтитын кезеңі Берел мәдениеті. Орналасқан жері Қатонқарағай ауданы. Берел қорымынан 40-тан астам оба табылған. Мәселен, 1998-1999 ж.ж. Берел кезеңінің №11 обасын археолог Зейнолла Самашев ашты. Берел қорымының №11 обасында 45 жастағы ер және әйел адам жерленген. Ғалымдар радиологиялық әдіспен мәйіттердің б.з.б. 294 жылы жерленгенін анықтады. Берел қорымынан бұзылмай сақталған 13 жирен ат және жайпақ түпті қыш ыдыстар табылған. Ал Үлкен Берел ескерткішінен аттары өз иесін жорыққа апара жатқандай, әскери дайындықпен көмілген қорған табылған болатын.

Б.з.б. VIII ғ. жататын Қазақстан аумағындағы ең көне және ең көп патша жерлеу орындары (патша қорғандары) Зайсан жеріндегі Шілікті қорғанынан табылды. Сақтардың Шілікті обасындағы қабірхана ішінен бұғының суреттері салынған тақтайлар табылған. Сондай-ақ бұл қорғаннан 13 қола жебе, жебе салатын қорамсақтың жұрнағы табылды. Шілікті №5 обасынан 500-ден астам алтын қаптырма – түймешіктер табылған.

Ерте темір дәуірінде мал басының көбеюіне байланысты көшпелі мал шаруашылығы қалыптасты (Көшпелі мал шаруашылығы темір дәуірінде қалыптасып, бертінге дейін жеткен мал шаруашылығының түрі). Б.з.б. I мыңжылдықта Солтүстік Қазақстан тұрғындары көшпелі өмір салтына ауысты. Табиғаттың дайын өнімін пайдаланған баяғы аңшы-терімшілерден көшпелілердің айырмашылығы өнім өндірді. Таза көшпелі тұрмыс Батыс және Орталық Қазақстан аймақтарында жартылай көшпелі мал шаруашылығы Алтай, Жетісу таулы аймақтарында, ал отырықшылық шаруашылық Сырдария, Шу, Келес өзендерінің аңғарларында дамыды.

Көшпелілердің жазда мал жаю орындары жайлау, күзде күзеу, көктемде көктеу деп аталды.

Жазғы мал жаю 6 айдан 9 айға дейін созылған. Жылқыларды күзде үйірге қосты, әр үйірде 400-600 бас мал болған.

Малды қыста жаюға байланысты тебінді жайылымы қалыптасты. Көшпелілердің жылы қоралары бар тұрақтары қыстау деп аталады. Тебінді жайылымға байланысты жылқы мен қойдың саны артты. Жылқыны қолға үйретуге байланысты үзеңгі мен ауыздық ойлап табылды.

Көшпелілерде киіз үйдің қаңқасы 3 бөліктен тұрған (кереге, шаңырақ, уық). Киіз үйдің қабырғасы кереге деп аталады. Көшпелілердің баспаналарында киелі орын ошақ маңы саналған. Ертедегі көшпелілердің баспанасында пеш үйдің ортасында орналасты.

(б.з.б. 12000 – б.з.б. 5000 ж.ж.) Орта тас ғасыры (мезолит) 7 мың жылға созылды. Орта тас дәуіріне тән оқиға алып мұздықтардың ери бастауы. Б.з.б. 8 мың жылдықта Қазақстан жерінде қолайлы климат орнады.

Мезолитте қазіргіге ұқсас өсімдіктер мен жануарлар түрі қалыптаса бастады (мезолитте мамонт, мүйізтұмсық сияқты ірі және табын – табын болып жүретін аңдар жойылып кеткен болатын). Адамзат баласы мезолитте жануарларды қолға үйретіп, дәнді – дақылдарды өсіруді меңгерді.

Мезолит кезеңіндегі адамдардың негізгі кәсібінің бірі аңшылық болды. Мезолитте еңбек құралдарын пайдалану ыңғайлы қалыпқа түсе бастады.

Мезолит заманының басты жаңалығының бірі садақ пен жебенің жасалуы. Садақ пен жебе және аңшылықтың пайда болуына байланысты енді аздаған адамдар мен жеке аңшылар пайда болды. Садақ құралмалы әдіспен жасалды. Мезолитте жебенің доғал және домалақ ұштары терісі бағалы аңдарды аулау үшін қолданылды. Мезолитте уланған және өртегіш жебелер де пайда болды. Мезолитте шебер садақшы 1 минутта 20 оқ ата алды, оның жебесі 80 – 100 метрге дейін, ал күрделі садақтың оғы 450 метрге дейін жеткен. Мезолиттік аңшылар Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай, Жайық өзендерінің жағалауларын мекендеген.

Мезолит заманының үлкен жаңалығы болып саналатын ұсақ – жаңқа тастардан жасалған құралдар микролиттер, оның ұзындығы 1-2 см. Мезолитте 100 м. қашықтыққа ұшатын қару бумеранг ойлап табылды. Мезолитте балық аулау кең тарады.

Мезолитте қауым 3 топқа бөлінді: қариялар, ересектер, балалар. Мәселен, балалар тобынан ересектер тобына өту дәстүрі инициация (бағыштау) ғұрпы деп аталады.

Қазақстан аумағынан табылған неолиттік тұрақтар саны 500-ден астам. Жезқазған өңірінен неолиттің 150-ге жуық тұрағы, көне кен шығару және жерлеу

орындары табылды. Қазақстан жерінде кездесетін неолиттік тұрақтардың ең көнесі б.з.б. 5 мыңжылдыққа тән.

Неолиттің Солтүстік Қазақстан жеріндегі тұрағы Пеньки. Солтүстік Қазақстандағы неолит дәуіріне жататын Ботай тұрағынан жылқы сүйектері өте көп табылды. Тұрақтан 70 мың жылқы сүйектері табылған. Ботайлықтар жылқы малын қолға үйреткен.

Орталық Қазақстандағы неолиттің тұрағы Зеленая Балка, ал Шығыс Қазақстан жеріндегі неолиттің тұрағы Усть – Нарым. Археологтар Қызылорда облысынан (Арал маңынан) неолиттің Сексеуіл деген тұрағынан табылған жануарлардың қаңқаларының 80% -ы қой мен сиырдың қаңқалары.

Неолит дәуірі адамдарының өзіндік дүние танымы болғандығын жерлеу орындары дәлелдейді. Неолит дәуірінде адамды жерлегенде басын солтүстік – батысқа қаратып жерлеген. Неолит дәуірінде өлгендерді денесімен бірге де өртеген. Солтүстік Қазақстан облысының Железинка қаласынан табылған қабірге өлікті өртеу тән.

Энеолит (мысты – тас ғасыры) б.з.б. 3000 – б.з.б. 2800 ж.ж.)

Ең бірінші қолданылған металл мыс (адамдар мыс өңдеуді бұдан 7 мың жыл бұрынүйренген). Адамзат баласы металдан жасалған еңбек құралдарын энеолитте игере бастады. Энеолит дәуірінде мыс тасты қолданыстан мүлдем шығарып тастаған жоқ, яғни, еңбек құралдарының жартысы мыстан, жартысы тастан жасалды. Тастан және мыстан жасалған еңбек құралдары энеолитдәуірінде қатар қолданылған.

Энеолитте қауым ішінде екі ірі өзгеріс орын алды:

1) Қоғамдық еңбек бөлінісі яғни, егіншілік пен мал шаруашылығының терімшілік пен аң аулаудан бөлінуі. Ежелгі жандарды егіншілік пен мал шаруашылығына алып келген жағдай қолайлы табиғи орта болатын.

2) Аталық ру үстемдік құрды. Ер адам еңбегінің маңызы арта түскендіктен әкелік әулет дүниеге келді. Ер адамдардың қоғамдағы беделінің артуына мал шаруашылығының дамуы себеп болды. Алғашқы бақташылар көшпеліжағдайда өмір сүрген.

4. Оқытудың техникалық құралдары: интеравтикті тақта, слайдтар, презентациялар.

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:

1-деңгейдің сұрақтары:

1. Шығыс Қазақстаннан қорғандардың қандай кешені табылды?

2. Бешатыр қорғандарын қашан және кім тапты?

2-деңгейдің сұрақтары:

1. Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Арал өңірінің маңызды археологиялық ескерткіші?

2. Түгіскен қорымы қандай екі кезеңмен белгіленеді?

3-деңгейдің сұрақтары:

1. Қандай қорғандар Зайсан өңірінде орналасқан ?

2. Шығыс Қазақстан сақтарының материалдық мәдениетінің дамуында қандай үш кезеңді атап көрсетеміз ?

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері: Картадан сақ тайпалары мен олардың замандастары мекен еткен жерлерді анықтау қажет. Игерілген материалды келесі жоспар бойынша жүйелеу қажет: 1. орналасқан жері (расселение); 2. шаруашылығы; 3. көрші елдермен қарым-қатынасы; 4. өнері. Ұсынылған жоспар бойынша материалды жазбаша түрде тапсыру.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с. 2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.

3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.

4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.

5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.

6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.

7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.

8.Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.

9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ

2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.

3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz